

№ 7 дәріс

Тақырыбы: Доспанбет жырау шығармашылығы

Негізгі сұрақтар:

1. Доспамбет – жырау, қолбасшы батыр.
2. Доспанбет толғауларының философиялық мәні

1. Доспамбет – жырау, қолбасшы батыр.

Доспамбет – жырау, қолбасшы, батыр. Ол 1490 жылы Дон өзені бойындағы Азау қаласында дүниеге келіп, 1523 жылы қаза тапқан. Доспамбет жырау – қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі. Ноғай ордасында әскери қолбасшы болған. Дешті Қыпшақты көп аралаған, Бақшасарай мен Стамбұлда болған. Қырым ханының жағында көптеген әскери жорықтарға қатысқан. Доспамбет жырау тайпааралық ұрыстардың бірінде 1523 жылы Астрахан маңында қаза тапты.

Грек тарихына қатысты деректерден білетініміз: Азақтың Киммерлік Боспор атанғаны, ал Азов теңізінің Меотида делінгені. Меотида саздағында ежелгі заманнан нәсілі алан азық тайпасы орыс жылнамаларындағы касогтармен (қасахтармен) аралас бірге тұрған. Сөйтіп, бұл теңіз жағалауындағы қолтық Азау теңізі, ал ондағы генуялық ежелгі қала Азаулы атанған.

Қара теңіз жағалауын моңғолдар меншіктеген кезде Азаулы өзіне кеп құятын Тана өзенінің атымен Тана аталды. Ол Алтын Орданың “оң қанатының” астанасы болды. Византия, Генуя, Венеция саудагерлері Алтын Ордамен осы Тана арқылы сауда жасады.

1462 жылы Махмет паша Константинопольді алып, Византияны күйретті. Кешікпей оның Қара теңіздің терістік жағалауларындағы отары Очаков, Қафа, Тана, Ақерменді өзіне қаратты. Осы кезден бастап Тана қайтадан Азаулы атанып, Тақыт елі, Ноғайлы, Терістік, Кавказ, Мәскеумен сауда-саттық қаласына айналды. Азаулыда түріктің серәскері (наместнигі) отырды. Мәскеу князьдігі Азаулыда елшілік және сауда-саттық өкілеттігін ұстатады.

Доспамбет жырау осы Азаулының не сол тараптағы көшпелі тайпаның түлегі. Жыраудың:

Айнала бұлақ, басы Тең,
Азаулының Ыстамбұлдан несі кем.
Азаулының Аймадет
Ер Доспамбет ағаның,
Хан ұлында несі жоқ,
Би ұлынан несі кем.
Тәңірінің өзі берген күнінде,

Хан ұлынан артық еді менің несібем – деген жолдарында біраз деректік мәлімет бар.

Ол Азаулының ағасы. Қырым тарапында қала, ұлыс, ру басшыларын “аға” деп ұлықтаған. Доспамбет өзін хан нәсіліне де, би нәсіліне де

жатқызбайды, Аймадет қауымынан екенін мақтанышпен атайды. Аймадет – Дешті Қыпшақ пен Ноғайлыда кездеспейтін ру. Толғаудың “Айнала бұлақ, басы Тең” деуі бекер емес. Тең, Тан, Тана, Дөң, Дон – бәрі бір өзен. Азау теңізіне құятын осы өзеннің бойында туып өскен жыраудың Азаулыны Ыстамбұлмен шеңдестіре сөйлеуінде мән жоқ емес. Азаулы түрік патшасына бағынышты қала еді. Доспамбеттің Ыстамбұлда болуы да ғажап емес. Доспамбет жырау толғауларында оның мұрат-мақсаты айқын көрініс тапқан. Отан қорғау, туған жерге деген сүйіспеншілік – оның жырларының негізгі тақырыбы. Доспамбет жырауларында түркілік тұтастық идеясы бар. Қырым хандығы, Ноғай ұлысы және қазақ халқын бірлікке, іргесі бүтін, ешкімге бас имейтін ел болуға шақырады.

Жырау ол заманды қайтып келмес бақытты өмір ретінде толғайды. «Айнала бұлақ басы таң», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, азау дегенің», «Арғымаққа оқ тиді», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» т.б шығармалары бар. Жырау өткен өмірді жырлағанда туған ел, өскен жерге деген ыстық махаббатын келер ұрпақ болашағымен байланыстыра сипаттайды. Олардың да ертең еліне қорған, тірек болуын қалайды. Доспамбет жырау өз басын өлімге тігіп, сан рет қанды шайқастарға қатысқан ата қонысын үлкен сүйіспеншілікпен толғайды. Жырау ел қорғау, жорық тақырыбына арналған жырларында елі мен жері үшін өлген ердің арманы жоқ деп, отаншылдық рухты бәрінен биік қояды. Ол серілік пен сақилықты, дарқандықты, қонақжайлылықты ата-бабадан келе жатқан асыл дәстүр ретінде дәріптейді.

Доспамбет жырау шығармалары қазақ поэзиясы тарихында өзгеше көркемдігімен, екпінді ырғағымен ерекшеленеді. Жырау айтайын деген ойының қуатын еселеп арттыру үшін қайталауларды жиі қолданады. Сөйтіп, оларды ұтымдылықпен пайдаланып, ойдың әсерлілігі мен, өткірлігін күшейте түседі. Доспамбет жыраудың ерлік пен елдікке үндейтін толғаулары Бұқар жырау, Махамбет сынды өзінен кейінгі ақындарға елеулі әсер еткені байқалады. Бұл дәстүр толыса, кемелдене келе жаңа сипатқа ие болды. Жыраудың шығармалары біздің заманымызға толық жетпеген. Оның жырларының көпшілігі жорық үстінде қолма-қол айтылған. Сондықтан ел жадында сақталғандары ғана бізге жеткен.

Осы азғана жырларының өзінен-ақ оның жырды түйдек-түйдегімен ағытатын дауылпаз жырау болғаны аңғарылады. Доспамбет жыраудың жырлары ертеректе 1893 жылы М.Османовтың «Ноғай уа құмық шығырлары» атты жинағына енген. Кейін 1896 жылы В.Радловтың «Халық әдебиетінің үлгілері» деген жинағына басылды. Оның жырлары «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды», т.б. сан алуан хрестоматия, жинақтарда үздіксіз жарияланып келді.

Доспамбет жыраудың ақындық мұрасы бізге толық жеткен жоқ. Халық ауыз әдебиетінде, жекелеген қолжазбаларда сақталып қалған шығармалары XIX ғасырдың басында әр түрлі әдеби жинақтарға енген. Кеңес өкіметі

кезінде табылған толғаулары М.Мағауин жинап, құрастырған «Алдаспанда» (1971 жылы) жариаланды.

Доспамбет жырау. Ол 1523 жылы қазіргі Астрахань маңында ұрыс үстінде опат болған көрінеді.

Доспамбет жырау сонда отызға да жеткен жоқ екен.

–Озушылар, озмаңыз!

Озсаңыз, бізім бетке бармаңыз.

Ол өзінің «шаһит кешкендігі» туралы хабардың елге жеткенін қаламады.

Доспамбеттің осы жырының өн бойына сәуле таратып тұрған «оз» түбірі әр контексте әр қырынан көріну арқылы жаңа мазмұнға ие болып та үлгеріп, бізге жетті.

Донның төменгі ағысындағы Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан ұлы жырау молшылықта өмір сүрген болар:

Арғымақ мінген өкінбес,

Кілең бұздай кілшейтіп,

Көбелер киген өкінбес,

Жұпарын қардай боратып..,

Құрама шапшақ көп қымыз,

Құйып ішкен өкінбес, –

дегені соның айғағы іспетті. Бірақ оның өкінбейтіндігінің себебі тек бұл ғана емес. Жыраудың «өкінбеу» философиясының тереңінде жатқан факторларға көз салсақ, оның ел мен жердің тағдырын шешетін ұлы мақсат жолында жүргендігін, небір аласапыран айқастардың ортасында оттай лаулап, хас батырлармен бірге қол бастаған тұлға болғандығын да:

Бүгін, соңы өкінбен

Өкінбестей болғанмын.

Ер Мамайдың алдында,

Шаһит кештім, өкінбен, –

деген жолдарынан көреміз. Ер Мамайдың алдында шаһит кешкенін айтуы, жырау Доспамбеттің сондай батырлардың алдында бас иетін, ел қорғаған ерлерді тәңіріндей қастерлейтін қасиетті адам болғандығын да танытады.

Осындай кесек-кесек себеп-салдарлық факторлардан келіп шығатын өкінбеу идеясы – ақынның аса қуатты концепциясы. Тіпті, қайткенде де ұзағырақ ғұмыр кешкісі келетін адам баласы үшін, түсініксіз концепция. Бірақ оны жырау түсініксіз концепциядай емес, өзінен-өзі ұғынықты мәселедей толғайды.

Жыраудың “Тоғай, тоғай, тоғай су” толғауындағы:

Ер Мамайдың алдында

Шаһид кетсем өкінбен, –Алтын Орда беклербегі Ер Мамайдың дүниеден озғанына 150 жылдай болған. Бұл жолдар Ноғайлы Мамайына меңзеу болса керек. Хатқа іліккен көмескілеу бір дерек Доспамбет өмірінің бір кезеңі Ноғайлымен байланысты болғанын аңғартады.

2. Доспанбет толғауларының философиялық мәні

Доспанбет жыраудың суретті сезіммен астастыра жырлайтын толғаулары – «Айналайын Ақ Жайық...» және «Тоғай, тоғай, тоғай су...» деп басталатын дүниелері.

«Айналайын Ақ Жайық...» толғауында Доспамбет жырау өз дәуіріндегі көшпелі қазақ өмірін, қазақ жұртына қалқан болған ерлердің қарекет сипатын, олардың асқақ рухты болмысын романтикалық әсерлерге жетелейтін айшықты бояуларын қанықтыра, әрі сол суреттерді аңсау сезімімен қабыстыра бейнелейді. Толғаудың қай тұсын алсаңыз да, мүлтіксіз суреттелген көріністер мен сол көріністерді аңсау сезіміне жолығасыз. Мәселен:

«...Қара бұлан терісін Етік қылар күн қайда?!

Күдеріден бау тағып,

Кіреуке киер күн қайда?!

Күмбір-күмбір кісінетіп

Күренді мінер күн қайда?!..» –

деген үлгіде келетін жолдардан қалың елдің қамы үшін қай уақытта да бес қаруын бойынан тастамай, қапысыз қамданып жүретін батыр ұлдар бейнесі көрінсе:

«...Еділдің бойын ел жайлап,

шалғынына бие біз байлап,

Орындықтай қара сабадан

Бозбаламен күліп, ойнап,

Қымыз ішер күн қайда?!..» – деген жыр жолдарынан жорық, жортуылдардан тыншу тапқан бейбіт ел тірлігі көрінеді және осы көріністердің қай-қайсы да «күн қайда?!» деген сөздер арқылы аңсай түйінделіп отырады. Толғауда суреттелген көріністердің романтикалық сипат иеленуінің сыры да – аңсау сезімімен байланысты.

Мазмұндық-сюжеттік құрылымы жағынан да, сурет пен сезім тұтастығы жағынан да, шынайылық тұрғысынан да аталған толғаумен сарындас туынды – «Тоғай, тоғай, тоғай су...».

Бұл толғауда да өткен өмір бейнесі жасалған. Ал екі толғаудың бір-бірінен негізгі айырмашылығы: біріншіден, бейнеленетін объектіге қатысты, яғни алғашқы толғаудағы көріністер жалпыға ортақ мәнде жырланса, екінші толғауда нақты қаһарманға (Доспамбеттің өзіне) тікелей байланыстырыла беріледі. Сол себепті аталмыш толғауды жыраудың өз өміріне қатысты қарастыруға мүмкіндік бар. Екінші айырмашылық – толғаулардағы сезім сипатына қатысты. Яғни алғашқы толғаудағы бейнелі көріністер аңсау сезімімен ұштасса, екінші толғаудағы сезім сипаты өмірінің мәнді өткеніне қанағаттану, ризашылық танытуға бейім.

Жырау бұл толғауында өз ғұмырында бастан өткерген тіршілігін тізбелей суреттей отырып, соның бәріне риза екенін аңдатады. Тіпті, толғау соңында:

«Бүгін, соңды өкінбен,

Өкінбестей болғанмын,

Ер Мамайдың тұсында
Шаһид кештім, өкінбен!..» –

деп, нығарлай айтуының өзі жырау сезімінің шынайылығын көрсетеді. Сондай-ақ, осы үзіндіден жыраудың батырлық болмысы да, мұсылмандық түсінігі де танылады.

Ал Доспамбет жыраудың әкелік сезімі, адами үміті, мәрт мінезі көрініс беретін туындысы – «Озушылар, озмаңыз...» деп басталатын толғауы. Бұл толғауға реалистік сипаттар тән. Толғауда жыраудың ішкі секемі, әкелік махаббаты, болмашы үміті, жазмышқа көзқарасы іспетті жәйттердің бәрі мейлінше шынайы жеткізілген.

Осы орайда айта кету абзал, Доспамбет жыраудың толғауларын жеке-жеке алып қарамай, біртұтас шығарма ретінде қарастыруға болады. Мұндай жағдайда бұл толғаулардың әрқайсысы күрделі мазмұнды шығарманың сюжеттік-композициялық бөліктері тәрізді қабылданып, нәтижесінде оқиғаның басталуы, байланысуы, дамуы, шарықтау шегі, шешілуі сияқты бөліктерінің бәрі қамтылған және қажетті тұстарда лирикалық шегініс, ішкі монолог секілді көркемдік тәсілдер пайдаланылған эпикалық жыр пайда болады.

Доспамбет жырау толғауларының бұл ерекшелігіне қарасақ, оларды бір сәтте дүниеге келген туындылар ретінде де бағалауға мүмкіндік бар. Қалай болғанда да, XVI ғасырдағы қазақ поэзиясында айрықша орын иеленетін Доспамбет жырау шығармашылығынан, жоғарыда сөз болғандай, көркемдік сипаттардың, әсерлі бейнелердің сан алуан түрлерінің молынан ұшырасуы оның аса дарынды тұлға болғандығын айғақтайды.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Доспамбет жыраудың шығармашылық тұлға ретіндегі ерекшеліктері қандай?
2. Доспамбет жырау толғауларындағы өршіл рух